

Алматы облысының кейбір білім беру және мәдениет ұйымдарына атау беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 28 маусымдағы № 390 қаулысы.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 4-1) тармақшасына және "Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., № 11, 81-құжат) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы облысының мынадай білім беру және мәдениет ұйымдарына:

1) "Алматы облысы Панфилов ауданы Жаркент қаласындағы "Өнер мектебі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына Дәнеш Рақышевтың есімі;

2) "Еңбекшіқазақ ауданы әкімінің аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына Тұманбай Молдағалиевтің есімі берілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев